

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

**Шаттық толы жүрегіміз! (тренинг ата-аналармен)**ЖАРИЯЛАНДЫ  
15.02.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/68503/>

Мақсаты: балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту, ой-пікірлерін білу, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау, сыйластық пен бір-біріне деген құрметті көтеру.

Құрал-жабдықтары: түрлі-түсті қатты қағаздар, желім, қайшы, ақ парақтар, түрлі-түсті қарындаштар т.б.

Көңілді әуенмен қошеметпен ата-аналар ортаға шақырылады.

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар, бүгінгі «Шаттық толы жүрегіміз!» атты ата-аналарға арналған тренингке қош келдіңіздер!

Тренинг 5-кезеңнен тұрады.

1. «Көңілді көзілдірік» өз-өзін таныстыру

2. Топтық жұмыс: «Бағалау»

3. «Мимика» көңілді ойыны

4. «Егер де мен...»

5. «Махаббат шуағы»

1-кезеі «Көңілді көзілдірік» өз-өзін таныстыру

Құрметті ата-аналар, көңілді көтеріңкі көңіл-күймен «Таныстыру» кезеңімізді бастаймыз.

2-кезең: Топтық жұмыс «Бағалау»

Қатысушы ата-аналар екі топқа бөлініп, ортақ бір тақырыпты ойласа отырып таңдап, топтық жұмыс жасайды.

Берілге уақыт ішінде тапсырманы аяқтап, екі топ жасаған жұмыстарын алмастырып қарап, бір-бірлерінің жұмыстарына баға береді.

3-кезең «Мимика» көңілді ойыны

Екі топтан екі қатысушы шығып, құлақтарына құлаққап киіп, әркім өз тобының мимикамен көрсеткен сөздерін жылдам табады.

4-кезең «Егер де мен...»

Құрметті ата-аналар, егер де сіздер Қазақстан еліміздің балаларымен жұмыс жасау жолында қызмет етсеңіздер, еліміздегі балалар үшін не жасар едіңіздер? Алдарыңызға қойылған ақ параққа өз ойларыңызды түсіріп, бізге оқып бересіздер.

Қатысушы ата-аналар әркім өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, оқып береді.

5-кезең «Махаббат шуағы»

Алдарыңыздағы күн шуақтарын өз балаңыздың бойындағы жақсы қасиеттерін, тәтті қылықтарын жазып, оқып бересіздер.

Әрбір қатысушы өздерінің балалары жайында жазған жақсы қасиеттері жайында оқып береді.

Құрметті ата-аналар, міне біздің ұйымдастырған тренингіміз де өз мәресіне жетті. Белсене атсалысқандарыңыз үшін сіздерге рақмет!

Сау болыңыздар!

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.